

**"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 183 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні шет елдерде сақтауда тұрған және Қазақстан тарихына қатысы бар құжаттар мен қолжазбаларды анықтау, жинау жөніндегі жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру, оларды археографиялық сипаттау және Қазақстан туралы шетелдік мұрағат көздерінің бірыңғай дерекқорын құру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне көзделген қаражат есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*